

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ

«Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті»
коммерциялық емес акционерлік қоғамы

Автоматика және ақпараттық технологиялар институты

Электроника, телекоммуникация және ғарыштық технологиялар кафедрасы

Жалғас Мейрамбек Абайұлы

«Қалалық ортаның антенналардың өнімділігі мен байланысына әсерін зерттеу»

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

6B06201 - Телекоммуникациялар

Алматы 2025

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ

«Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті»
коммерциялық емес акционерлік қоғамы

Автоматика және ақпараттық технологиялар институты

Электроника, телекоммуникация және ғарыштық технологиялар кафедрасы


ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ
ЭТЖҒТ кафедра меңгерушісі
техн.ғыл.канд.
Е.Таштай
«30» _____ 2025 ж.

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

Тақырыбы «Қалалық ортаның антенналардың өнімділігі мен байланысына
әсерін зерттеу»

6B06201 – Телекоммуникациялар


Орындаған:



М.А.Жалғас


Рецензент:

ф.-м.ғ.к., Ғ.Дәукеев ат. АЭЖБУ
профессор-оқытушысы

 М.А.Хизирова

«30» мамыр 2025 ж.

Ғылыми жетекші
техн.ғыл.кандидаты,
ЭТЖҒТ каф. қауымдастырылған
профессоры

 М.А.Абдуллаев

«25» _____ 05 2025 ж.

Алматы 2025

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ

«Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті»
коммерциялық емес акционерлік қоғамы

Автоматика және ақпараттық технологиялар институты

Электроника, телекоммуникация және ғарыш технологиялар кафедрасы

6B06201 – Телекоммуникациялар

БЕКІТЕМІН
ЭТ ж. ҒТ кафедра меңгерушісі
техн. ғыл. канд.
Е. Таштай
«01» 10.2025 ж.

Дипломдық жұмыс орындауға
ТАПСЫРМА

Білім алушы: Жалғас Мейрамбек Абайұлы

Тақырыбы: «Қалалық ортаның антенналардың өнімділігі мен байланысына
әсерін зерттеу».

Университет ректорының «29» қаңтар 2025 ж. № 26 П/Ө бұйрығымен
бекітілген

Аяқталған жобаны тапсыру мерізімі «30» мамыр 2025 ж.

Жұмыстың бастапқы мәліметтері: 1) Жұмыс жиілігі: 2.4 ГГц – 6 ГГц; 2)
Сигналдың өткізу қабілеті: 1 Гбит/с дейін; 3) Кедергі деңгейі: ≤ -100 дБм; 4)
Сәулелену диаграммасы: бағытталған және бағытталмаған; 5) Жұмыс
қашықтығы: 1–5 км; 6) Поляризация: тік, көлденең.

Дипломдық жұмыста қарастырылатын мәселелер тізімі:

а) Қалалық ортадағы электромагниттік кедергілердің сипаттамаларын
зерттеу; б) Антенналардың өнімділігіне әсер ететін қоршаған орта факторларын
талдау (ғимараттар, ағаштар, көліктер); в) Қалалық аймақта сигналдың таралу
моделін әзірлеу; г) Кедергілердің әсерін азайтудың заманауи әдістерін зерттеу
(мысалы, адаптивті сәулелену және көпсәулелі тарату); д) Жаңа антенна
конфигурацияларын және орналасу стратегияларын ұсыну; е) MATLAB немесе
басқа бағдарламаларда қала жағдайындағы антенна өнімділігінің модельдерін
әзірлеу;

Сызбалық материалдар 15 слайдпен ppt форматында көрсетілген.

Ұсынылатын негізгі әдебиет:

1. Rappaport, T.S. Wireless Communications: Principles and Practice. – 2nd Edition. – Pearson, 2002. – 704 бет.
2. Molisch, A.F. Wireless Communications. – 3rd Edition. – Wiley, 2022. – 888 бет.
3. Balanis, C.A. Antenna Theory: Analysis and Design. – 4th Edition. – Wiley, 2016. – 1104 бет.

Дипломдық жұмысты дайындау
КЕСТЕСІ

Бөлімдер атауы, қарастырылатын мәселелер тізімі	Ғылыми жетекшіге және кеңесшілерге көрсету мерізімі	Ескерту
Қалалық ортадағы антенна- лардың өнімділігіне әсер ететін негізгі факторлар анықталады.	1.02.2025 ж. - 21.02.2025	<i>орындау</i>
Сигнал сапасын жақсарту үшін жана әдістер ұсынылды	21.02.2025 - 01.03.2025	<i>орындау</i>
Қалалық ортаға арналған антенна дизайны бойынша ұсынымдар берілді	01.03.2025 - 14.05.2025	<i>орындау</i>

Дипломдық жұмыс (жоба) бөлімдерінің кеңесшілері мен
норма бақылаушының аяқталған жұмысқа(жобаға) қойған
қолтаңбалары

Бөлімдер атауы	Кеңесшілер (аты, әкесінің аты, тегі, ғылыми дәрежесі, атағы)	Қол қойылған күні	Қолы
Диплом жұмысының тақырыбын талдау	Т.ғ.к., ЭТЖҒТ каф.қауымдастырылған профессоры Абдуллаев М.А.	<i>2.02.25</i>	<i>Абд</i>
Теориялық ақпарат	Т.ғ.к., ЭТЖҒТ каф. қауымдастырылған профессоры Абдуллаев М.А.	<i>3.03.25</i>	<i>Абд</i>
Норма бақылау	ЭТЖҒТ каф.аға оқытушысы Досбаев Ж.М.	<i>22.05.25</i>	<i>Досбаев</i>

Ғылыми жетекшісі *Абд* М.А.Абдуллаев

Тапсырманы орындауға алған білім алушы *Жалғас* М.А.Жалғас

Күні « *1* » *02* 2025 ж.

АНДАТПА

Осы жұмыста алынған нәтижелер телекоммуникациялық жүйелерді жобалау мен жаңғыртуда, сонымен қатар қалалық аймақтарда жоғары сапалы байланыс қызметтерін қамтамасыз ету үшін практикалық нұсқаулар әзірлеуде қолданыла алады.

Қалалық орта жағдайында антенналардың өнімділігіне әсер ететін негізгі факторларды анықтап, оларды азайту немесе бейімдеу бойынша тиімді әдістерді ұсыну. Жұмыстың міндеттері:

- Қалалық ортаның физикалық ерекшеліктерін (ғимарат биіктігі, тығыздығы, материалдық қасиеттері) сипатталды.
- Қалалық ортада антенналардың тиімділігін арттыруға бағытталған техникалық шешімдерді ұсынылды. Жүргізілген зерттеулер негізінде ұсыныстар әзірленді.

АННОТАЦИЯ

Результаты, полученные в настоящей работе, могут быть использованы при проектировании и модернизации телекоммуникационных систем, а также при разработке практических рекомендаций по обеспечению высококачественных услуг связи в городских районах.

Выявить основные факторы, влияющие на производительность антенн в условиях городской среды, и предложить эффективные методы их уменьшения или адаптации. Задачи работы:

- Характеризовались физические особенности городской среды (высота здания, плотность, материальные свойства).
- Были предложены технические решения, направленные на повышение эффективности антенн в городской среде. На основе проведенных исследований были выработаны рекомендации.

ANNOTATION

The results obtained in this work can be used in the design and modernization of telecommunication systems, as well as in the development of practical recommendations for ensuring high-quality communication services in urban areas.

The main objectives were to identify key factors affecting antenna performance in urban environments and to propose effective methods for mitigating or adapting to these factors. Objectives of the work:

- The physical characteristics of the urban environment (building height, density, material properties) were described.
- Technical solutions aimed at improving antenna efficiency in urban settings were proposed. Based on the conducted research, recommendations were developed.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	7
1 Қалалық ортада сымсыз байланыс жүйелерінің тиімділігін арттыру	9
1.1 Қалалық ортада антенналардың өнімділігін зерттеу әдістері	10
1.2 Антенналардың түрлері мен сипаттамалары	14
1.3 Қалалық ортаның антенналардың өнімділігіне әсері	14
1.4 Антенналардың өнімділігін арттыру әдістері	14
2 Қалалық ортада антенналардың өнімділігін зерттеу әдістері	17
2.1 Қалалық ортада радиотолқындардың таралу модельдері және антенна тиімділігі	17
2.2 Антенналар өнімділігін модельдеу және бағдарламалық құралдарды қолдану	18
2.3 Антенналардың өнімділігін эксперименттік зерттеу және сигнал сапасын талдау	20
2.4 Кедергілердің әсерін азайтудың заманауи әдістерін зерттеу	22
2.5 MATLAB бағдарламасында қала жағдайындағы антенна өнімділігінің модельдерін әзірлеу	24
3 Тәжірибелік зерттеу нәтижелері және оларды талдау	27
3.1 Өлшеу шарттары	27
3.2 Негізгі нәтижелер	27
3.3 Секторлық және көпсәулелі антенналардың салыстырмасы	27
3.4 Қалалық ортаның әсерін талдау	27
3.5 Қашықтыққа байланысты сигнал деңгейі мен өткізу қабілетін графикалық талдау	28
3.6 Жаңа антенна конфигурацияларын және орналасу стратегияларын ұсыну	30
3.7 Сигнал сапасын жақсарту үшін ұсынылатын жаңа әдістер	34
3.8 Қалалық ортаға арналған антенна дизайны бойынша ұсынымдар	37
Қорытынды	38
Пайдаланылға әдебиеттер тізімі	39

КІРІСПЕ

Қазіргі заманда ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың дамуымен бірге сымсыз байланыс жүйелеріне деген сұраныс артып келеді. Әсіресе, урбанизация қарқыны күшейген ірі қалаларда сенімді әрі жоғары жылдамдықтағы байланыс қызметтерін қамтамасыз ету өзекті мәселелердің біріне айналды. Бұл жағдайда антенналардың өнімділігі шешуші рөл атқарады, өйткені олар сигналдың берілу сапасын, қамту аймағын және жүйенің жалпы тиімділігін айқындайды.

Алайда қалалық ортаға тән факторлар – биік ғимараттар, тар көшелер, металл конструкциялар, көлік қозғалысы және тұрғындар тығыздығы – радиотолқындардың таралуына елеулі кедергілер келтіреді. Сигналдың шағылуы, жұтылуы және көп сәулеленуі сияқты құбылыстар антенналардың жұмыс тиімділігін төмендетіп, байланыс сапасына теріс әсер етеді. Сондықтан қалалық ортаның ерекшеліктерін ескере отырып антенна жүйелерінің жұмысын зерттеу және оңтайландыру заманауи байланыс инженериясының маңызды міндеттерінің бірі болып табылады.

Бұл дипломдық жұмыстың мақсаты – қалалық орта жағдайында антенналардың өнімділігіне әсер ететін негізгі факторларды талдау және оларды азайту немесе бейімдеу әдістерін ұсыну. Зерттеу барысында заманауи антенналық технологиялардың мүмкіндіктері, радиотолқындардың таралу модельдері және урбанизация әсерінен туындайтын проблемаларды шешу тәсілдері қарастырылады.

Жұмыстың өзектілігі қазіргі таңда қала тұрғындарының сымсыз байланысқа деген жоғары сұранысымен және цифрлық экономиканың дамуына байланысты байланыс сапасына қойылатын талаптардың күшеюімен түсіндіріледі. Сонымен қатар, 5G және болашақ 6G желілері сияқты жаңа буын технологиялардың енгізілуі қалалық ортада антенналық жүйелердің жұмыс тиімділігін арттыруды қажет етеді.

Осы жұмыста алынған нәтижелер телекоммуникациялық жүйелерді жобалау мен жаңғыртуда, сонымен қатар қалалық аймақтарда жоғары сапалы байланыс қызметтерін қамтамасыз ету үшін практикалық нұсқаулар әзірлеуде қолданыла алады.

Қалалық орта жағдайында антенналардың өнімділігіне әсер ететін негізгі факторларды анықтап, оларды азайту немесе бейімдеу бойынша тиімді әдістерді ұсыну.

Жұмыстың міндеттері:

- Қалалық ортаның физикалық ерекшеліктерін (ғимарат биіктігі, тығыздығы, материалдық қасиеттері) сипаттау;
- Радиотолқындардың таралу процестеріне қалалық ортаның әсерін талдау;
- Әртүрлі антенна типтерінің (микрожасушалық, макрожасушалық, смарт-антенналар және т.б.) өнімділігін зерттеу;

– Қалалық ортада антенналардың тиімділігін арттыруға бағытталған техникалық шешімдерді ұсыну;

– Жүргізілген зерттеулер негізінде ұсыныстар әзірлеу.

Зерттеу нысаны. Қалалық орта жағдайында жұмыс істейтін сымсыз байланыс желілеріндегі антенналық жүйелер.

Жұмыстың ғылыми жаңалығы. Қалалық ортада антенналардың өнімділігіне әсер ететін негізгі факторлар кешенді түрде талданды;

Радиотолқындардың таралу ерекшеліктеріне байланысты антенналарды оңтайлы орналастыру және бейімдеу бойынша ұсыныстар жасалды;

Антенна тиімділігін арттыруға бағытталған практикалық әдістер жүйеленді.

Жұмыстың практикалық маңыздылығы. Зерттеу нәтижелері телекоммуникациялық компанияларға, желі жобалаушыларға және қалалық инфрақұрылымды дамыту саласындағы мамандарға антенналық жүйелерді тиімді орналастыру мен оңтайландыруда пайдалы болуы мүмкін.

1 Қалалық ортада сымсыз байланыс жүйелерінің тиімділігін арттыру

Қалалық орта жағдайында сымсыз байланыс жүйелерінің тиімділігін қамтамасыз ету – қазіргі заманғы телекоммуникация саласының негізгі міндеттерінің бірі. Бұл бағыттағы ғылыми зерттеулер көбінесе радиотолқындардың таралу заңдылықтарын, антенналық жүйелердің сипаттамаларын және қалалық инфрақұрылымның әсерін зерттеуге бағытталған.

Антенналардың өнімділігіне әсер ететін негізгі факторлар ретінде ғимараттардың биіктігі мен материалдық қасиеттері, көше конфигурациясы, көлік құралдарының қозғалысы және халықтың тығыздығы сияқты параметрлер қарастырылады. Әсіресе жоғары жиілікті (мысалы, 2,6 ГГц және одан жоғары) сигналдардың таралуында көпсәулелі таралу, көлеңкелену және жұтылу сияқты құбылыстар айқын байқалады [1].

Зерттеулер көрсеткендей, қала ортасындағы тығыз құрылыс радиожиілік спектрінің қолданысын шектейді және байланыс арналарының өткізу қабілетін төмендетеді. Осыған байланысты байланыс желілерінде көп деңгейлі архитектуралар (макрожасуша, микрожасуша, пикожасуша және фемтожасуша желілер) қолданылуда. Бұл шешімдер әртүрлі масштабтағы қамту аймақтарын қамтамасыз ету арқылы байланыс сапасын арттыруға мүмкіндік береді [2].

Бұдан бөлек, смарт-антенналық технологиялар мен көпсәулелі бағыттаушы антенналар (beamforming) қолдану арқылы қалалық ортадағы кедергілер мен интерференцияны азайту жолдары белсенді түрде зерттелуде. Мұндай жүйелер сигналды нақты бағыттау және адаптивті басқару мүмкіндігін қамтамасыз етеді, бұл өз кезегінде деректерді беру жылдамдығы мен сенімділігін арттырады [3].

Қалалық ортаның байланыс сапасына әсерін модельдеу үшін әртүрлі радиотолқын таралу модельдері әзірленген. Солардың ішінде Okumura-Hata, COST-231 және 3GPP 3D Urban Macro (UMa) модельдері кеңінен қолданылады. Бұл модельдер қалалық ортадағы нақты жағдайларды ескеруге және антенналарды орналастыруды оңтайландыруға мүмкіндік береді [4].

Жалпы, қазіргі әдебиеттерде антенналардың өнімділігін арттыру үшін қолданылатын әдістерді үш негізгі бағытқа бөлуге болады:

- физикалық ортаға бейімделу (антенналарды оңтайлы орналастыру);
- антенналық технологияларды жетілдіру (көпсәулелі және MIMO жүйелері);
- жүйелік шешімдерді қолдану (гетерогенді желілер, кіші жасушалар).

Әдеби шолудың келесі бөлімдерінде осы бағыттар бойынша жүргізілген негізгі зерттеулер мен олардың нәтижелері егжей-тегжейлі қарастырылады.

1.1 Радиотолқындардың таралу модельдері

Қалалық орта жағдайында радиотолқындардың таралуын дәл болжау үшін арнайы математикалық модельдер қолданылады. Бұл модельдер антенналардың

камту аймағын, сигнал әлсіреу деңгейін және байланыс сапасын алдын ала бағалауға мүмкіндік береді.

Okumura-Nata моделі ең кең таралған эмпирикалық модельдердің бірі болып табылады. Бұл модель бастапқыда Жапонияның ірі қалаларында жүргізілген эксперименттік өлшеулерге негізделген. Ол антенна биіктігіне, жиілік диапазонына (150–1500 МГц) және базалық станция мен қабылдағыш арасындағы қашықтыққа байланысты сигналдың жол бойындағы шығынын (path loss) есептеуге мүмкіндік береді [5].

Okumura-Nata моделі – радиотолқындардың таралуын сипаттайтын ең алғашқы және кеңінен қолданылатын эмпирикалық модельдердің бірі. Бұл модель 150–1500 МГц жиілік диапазонында жұмыс істейтін ұялы байланыс жүйелерінің сигнал әлсіреуін (path loss) бағалау үшін қолданылады.

Okumura-Nata моделі алғаш рет жапон ғалымы Ёсихиса Окумура жүргізген эксперименттік өлшеулер негізінде әзірленген. 1968 жылы Токио қаласының әртүрлі аймақтарында жасалған тәжірибелік зерттеулер нәтижесінде радиотолқындардың қалалық, ауылдық және ашық кеңістіктегі таралу ерекшеліктері тіркелген. Кейіннен бұл нәтижелерді Хата 1980 жылы математикалық өрнекке келтіріп, модельді жеңілдетілген түрде ұсынды.

Модель сигналдың жоғалуын (path loss) есептеуді келесі негізгі параметрлерге сүйене отырып жүзеге асырады:

- Базалық станция антеннасының биіктігі (30–200 м аралығында);
- Қабылдаушы антеннаның биіктігі (1–10 м аралығында);
- Базалық станция мен қабылдаушы арасындағы қашықтық (1–20 км диапазонында);
- Ортаның түрі (үлкен қала, орташа қала, ауылдық аймақ).

Okumura-Nata моделі бойынша жалпы жол шығыны мынадай түрде анықталады:

$$L = 69.55 + 26.16 \log_{10}(f) - 13.82 \log_{10}(h_b) - a(h_m) + (44.9 - 6.55 \log_{10}(h_b)) \log_{10} d \quad (1.1)$$

мұндағы L - жол шығыны (dB);

f - жиілік (МГц);

h_b - базалық станция антеннасының биіктігі (м);

h_m - қабылдағыш антеннаның биіктігі (м);

d - қашықтық (км);

$a(h_m)$ - қабылдағыш антенна биіктігінің түзету коэффициенті.

Түзету коэффициенті $a(h_m)$ қала өлшеміне қарай анықталады. Үлкен қалалар үшін жоғары жиіліктерде арнайы түзетулер қолданылады:

Үлкен қалалар үшін:

$$a(h_m) = 3.2(\log_{10}(11.75h_m))^2 - 4.97 \quad (1.2)$$

Орташа және кіші қалалар үшін:

$$a(h_m) = (1.1 \log_{10}(f) - 0.7)h_m - (1.56 \log_{10}(f) - 0.8) \quad (1.3)$$

Okumura-Hata моделінің артықшылықтары:

- Пайдалануға жеңіл және қарапайым есептеледі;
- Нақты өлшеулерге негізделген, сондықтан 2G және 3G дәуіріндегі қала жағдайларына жақсы сәйкес келеді;
- Қалалық, ауылдық және ашық кеңістіктер үшін арнайы коэффициенттер қарастырылған.

Шектеулері:

- Жиіліктері 1500 МГц-тен жоғары жүйелер үшін дәлдігі төмендейді (мысалы, қазіргі 5G желілеріне сәйкес келмейді);
- Биік ғимараттар арасындағы күрделі көпсәулелі таралу құбылыстарын толық ескере алмайды;
- Тек жазық және біртекті рельефке арналған (таулы немесе күрделі рельефтер үшін қосымша түзетулер керек).

Қолдану салалары: Okumura-Hata моделі ұялы байланыс желілерін бастапқы жобалау кезінде базалық станциялар арасындағы қашықтықты жоспарлау, антенна биіктігін анықтау және байланыс қамту аймағын бағалау үшін қолданылады. Бұл модель GSM, UMTS жүйелерінің ерте кезеңдерінде ең сенімді модельдердің бірі болды.

COST-231 моделі жоғары жиіліктер үшін (500-2000 МГц) және еуропалық қалалардың ерекшеліктерін ескере отырып әзірленген. Бұл модель ғимараттардың тығыздығы жоғары аймақтардағы таралу ерекшеліктерін жақсы сипаттайды және 2G/3G желілерін жобалау кезінде кеңінен қолданылған[6].

COST-231 моделі – қалалық орта жағдайында радиотолқындардың таралуын болжауға арналған кеңінен қолданылатын эмпирикалық модельдердің бірі. Бұл модель Okumura-Hata моделінің негізінде әзірленген және жоғары жиілік диапазондары мен еуропалық қала ортасының ерекшеліктерін ескеруге бейімделген.

COST (European Cooperation in Science and Technology) - 231 жобасы аясында жасалған бұл модель GSM және бастапқы 3G желілерінің жиілік диапазоны (500-2000 МГц) үшін әзірленді. Негізгі мақсат - ірі қалалардағы биік ғимараттармен сипатталатын тығыз салынған аудандарда радиотолқындардың таралуын нақты сипаттау.

COST-231 моделі арқылы сигналдың жол шығыны (path loss) мынадай формуламен есептеледі:

$$L = 46.3 + 33.9 \log_{10}(f) - 13.82 \log_{10}(h_b) - a(h_m) + (44.9 - 6.55 \log_{10}(h_b)) \log_{10}(d) + C \quad (1.4)$$

мұндағы L - жол шығыны (dB);

f - жиілік (МГц) (500–2000 МГц диапазонында);

h_b - базалық станция антеннасының биіктігі (30–200 м);
 h_m - қабылдағыш антеннаның биіктігі (1-10 м);
 d - базалық станция мен қабылдағыш арасындағы қашықтық (1-20 км);
 $a(h_m)$ - қабылдағыш антеннаның биіктігін ескеретін түзету коэффициенті;

C - ортаның түріне байланысты түзету коэффициенті:

Ірі қала үшін: $C=3C = 3C=3$ dB;

Кіші қала немесе ауылдық аймақ үшін: $C=0$ dB.

Түзету коэффициенті $a(h_m)a(h_m)a(h_m)$ үлкен қалалар үшін келесі түрде анықталады:

Үлкен қалалар ($f > 400$ МГц) үшін:

$$a(h_m) = 3.2(\log_{10}(11.75hm))^2 - 4.9 \quad (1.6)$$

Орташа және кіші қалалар үшін:

$$a(h_m) = (1.1 \log_{10}(f) - 0.7)h_m - (1.56 \log_{10}(f) - 0.8) \quad (1.7)$$

COST-231 моделінің ерекшеліктері:

– Жиілік диапазоны жоғары (500-2000 МГц), яғни қазіргі заманғы 2G және 3G ұялы байланыс жүйелерінің қажеттіліктерін толықтай қанағаттандырады.

– Ірі қалалардың күрделі архитектуралық құрылымдарын (биік ғимараттар, тар көшелер) ескере отырып жасалған.

– Okumura-Nata моделіне қарағанда көбірек нақтылық береді, әсіресе урбанизация деңгейі жоғары аймақтарда.

COST-231 моделінің артықшылықтары:

– Жоғары жиіліктер үшін нақты болжам береді;

– Ірі қалалық ортаның спецификалық әсерлерін (шағылу, жұтылу, көпсәулелі таралу) жақсы ескереді;

– Инженерлік есептеулерге ыңғайлы және қарапайым формула арқылы жүзеге асады.

Шектеулері:

– 2 ГГц-тен жоғары жиіліктер үшін (мысалы, қазіргі 5G миллиметрлік диапазондары) қолдану мүмкіндігі шектеулі;

– Рельефтің күшті өзгерістерін (тау, ойпат) тікелей есепке алмайды;

– Кіші жасушалық желілер (micro, pico, femto) үшін түзетуді қажет етеді.

Қолдану салалары: COST-231 моделі GSM 1800, UMTS және алғашқы LTE жүйелерін жобалау кезінде базалық станцияларды орналастыру, қамту аймақтарын есептеу және сигнал әлсіреуін болжау үшін кеңінен қолданылған. Әсіресе, тығыз салынған мегаполистерде (мысалы, Париж, Лондон, Берлин) желіні жобалауда тиімді нәтиже берген.

Ал заманауи желілерде қолданылатын 3GPP 3D Urban Macro (UMa) және Urban Micro (UMi) модельдері қала ортасының үшөлшемді құрылымын ескеруге мүмкіндік береді. Бұл модельдер базалық станция биіктігінің салыстырмалы түрде төмен немесе жоғары болуына байланысты сигналдың шағылуы мен көлеңкеленуін нақты болжайды, әсіресе 5G сияқты жоғары жиілікті жүйелер үшін маңызды [7].

3GPP 3D Urban Macro (UMa) моделі – заманауи байланыс жүйелерінде, әсіресе 4G LTE-Advanced және 5G желілерін жобалау кезінде қолданылатын радиотолқын таралу моделдерінің бірі. Бұл модель 3GPP (3rd Generation Partnership Project) ұйымы әзірлеген және қалалық ортаның үшөлшемді (3D) құрылымын ескере отырып, антенналардың өнімділігі мен сигнал таралу заңдылықтарын нақты сипаттауға арналған.

UMa моделі (Urban Macro) тығыз салынған биік ғимараттар аймағында, базалық станциялардың салыстырмалы түрде жоғары биіктікте (әдетте 25–50 м) орнатылған жағдайларына арналған. Бұл модельде сигналдың тік және көлденең бағытта таралуы ескеріліп, пайдаланушы құрылғыларының әртүрлі биіктіктегі (мысалы, көшедегі немесе ғимараттың 3-4 қабатында орналасқан) орналасуы ескеріледі.

3GPP 3D UMa моделі радиотолқындардың таралуын сипаттауда екі негізгі компонентті қамтиды:

- Көріну желісі (Line-of-Sight, LOS) – базалық станция мен пайдаланушы арасында тура көріну бар болған жағдайда қолданылады;
- Көрінбейтін желі (Non-Line-of-Sight, NLOS) – тікелей көріну болмаған кезде қолданылады, мұнда сигнал ғимараттардан шағылу, сыну және көпсәулелі таралу арқылы жетеді.

Жол шығыны (Path Loss) формулалары:

LOS жағдайы үшін:

$$PL_{LOS} = 28 + 22 \log_{10}(d_{3D}) + 20 \log_{10}(fc) \quad (1.8)$$

NLOS жағдайы үшін:

$$PL_{NLOS} = 13.54 + 39.08 \log_{10}(d_{3D}) + 20 \log_{10}(fc) - 0.6(h_{UT} - 1.5) \quad (1.9)$$

мұндағы: PL - жол шығыны (dB);

d_{3D} - базалық станция мен пайдаланушы арасындағы үшөлшемді қашықтық (м);

fc - тасымалдаушы жиілік (ГГц);

h_{UT} - пайдаланушы терминалының биіктігі (м).

Ескерту: Егер NLOS жағдайында алынған шығын LOS жағдайындағыдан аз болса, онда шығын LOS мәніне теңестіріледі.

3GPP 3D UMa моделінің ерекшеліктері:

- Радиотолқындардың тек горизонталь бағыттағы емес, вертикаль бағыттағы (биіктік бойынша) таралуын да ескереді;

- Пайдаланушы құрылғыларының әртүрлі биіктікте орналасуы нақты қарастырылады (мысалы, көпқабатты ғимараттағы қолданушылар үшін);
- 0.5-1000 м аралығындағы қашықтықтар мен 0.5-100 ГГц аралығындағы жиіліктер үшін қолданыла алады, бұл оны 5G миллиметрлік диапазон үшін де тиімді етеді.

Артықшылықтары:

- Қалалық ортадағы күрделі сәулелену құбылыстарын дәл модельдейді;
- 5G желілерінің жоғары талаптарына (мысалы, жоғары өткізу қабілеті, төмен кідіріс) сәйкес келеді;
- Желіні жоспарлау кезінде антенна бұрыштарын (tilt) және сәулелену диаграммаларын оңтайлы таңдауға мүмкіндік береді.

Шектеулері:

1. Өте күрделі және есептеу ресурстарын талап етеді, қарапайым инженерлік есептеулер үшін жеңілдетуді қажет етуі мүмкін;
2. Қалалық емес орта үшін (ауылдық аймақтар, ашық кеңістіктер) қолдануға арналмаған.

Қолдану салалары: 3GPP 3D UMa моделі қазіргі заманғы 5G NR (New Radio) желілерін жобалау, қала ішіндегі макрожасушалық инфрақұрылымдарды жоспарлау, көп қабатты ғимараттарда байланыс сапасын қамтамасыз ету және антенналарды тиімді орналастыру үшін қолданылады. Сондай-ақ, бұл модель виртуалды модельдеу (network planning tools) және жүйелік тестілеу барысында қолданылады.

Радиотолқындардың таралу модельдерін дұрыс таңдау антенна параметрлерін оңтайлы реттеуге және байланыс желісінің сенімді жұмысын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

1.2 Антенналардың түрлері мен сипаттамалары

Қалалық ортада қолданылатын антенналардың түрлері олардың сәулелену диаграммасына, бағыттылығына және жиілік диапазонына байланысты таңдалады.

Диполь антенналар – қарапайым құрылымды және барлық бағытқа сигнал тарататын антенналар. Олар көбінесе кішігірім базалық станциялар мен бастапқы зерттеулерде қолданылады. Алайда қалалық тығыз ортада бағытталған антенналарға сұраныс жоғары [8].

Бағытталған (Directional) антенналар, мысалы, секторлық антенналар, белгілі бір аймаққа шоғырланған сигнал береді. Бұл интерференцияны азайтып, байланыс сапасын арттыруға көмектеседі. Әдетте, базалық станцияларда 60°, 90° немесе 120° бұрышпен жұмыс істейтін секторлық антенналар қолданылады [9].

Көпсәулелі (beamforming) антенналар – соңғы жылдары кең таралған технология. Бұл антенналар сигналды динамикалық түрде пайдаланушының бағытына бағыттай алады, осылайша деректер беру жылдамдығын арттырып,

энергия шығынын азайтады. Beamforming 5G желілерінің маңызды элементтерінің бірі саналады [10].

MIMO (Multiple-Input Multiple-Output) жүйелері бірнеше антенна элементтерін қолдану арқылы деректер ағынын ұлғайтады және байланыс сенімділігін арттырады. Қалалық ортада MIMO технологиясы ғимараттар арасындағы көпсәулелі таралу артықшылығын тиімді пайдалануға мүмкіндік береді [11].

1.3 Қалалық ортаның антенналардың өнімділігіне әсері

Қалалық ортаның архитектуралық және физикалық ерекшеліктері антенналардың жұмыс өнімділігіне айтарлықтай ықпал етеді.

Шағылу құбылысы – радиотолқындардың ғимарат беттерінен шағылуы нәтижесінде көпсәулелі таралу (multipath propagation) құбылысы пайда болады. Бұл құбылыс кейбір жағдайда сигналды күшейте алса, басқа жағдайда интерференцияға және деректер жоғалуына әкелуі мүмкін [12].

Көлеңкелену және жұтылу – биік ғимараттар радиосигналдың өтуіне кедергі келтіріп, сигналдың әлсіреуіне әкеледі. Әсіресе металл мен бетон сияқты материалдар радиотолқындарды күшті жұтады. Бұл байланыстың тұрақтылығын төмендетуі мүмкін [13].

Көлік құралдары мен адамдар қозғалысы – жылжымалы объектілер радиотолқындардың таралуын динамикалық өзгертеді. Қаланың орталық аудандарында, мысалы, адам тығыз шоғырланған көшелерде, сигнал сапасы едәуір өзгеруі мүмкін [14].

Ауа райы жағдайлары – жаңбыр, қар және тұман сияқты метеорологиялық құбылыстар жоғары жиілікті радиотолқындардың таралуына қосымша әлсірету әсерін тигізеді, әсіресе миллиметрлік диапазонда (24 ГГц және одан жоғары). [15].

Осылайша, қалалық орта антенналардың тиімділігіне әсер ететін күрделі және көп факторлы орта ретінде қарастырылады. Сондықтан антенналарды жобалау мен орналастыру кезінде осы әсерлерді ескерудің маңызы зор.

1.4 Антенналардың өнімділігін арттыру әдістері

Қалалық орта жағдайында антенналардың өнімділігін арттыру үшін әртүрлі инженерлік және технологиялық әдістер қолданылады. Бұл әдістер радиотолқындардың таралуына тән кедергілерді азайтуға және байланыс сапасын жоғарылатуға бағытталған.

1.4.1 Антенналарды оңтайлы орналастыру

Антенналардың тиімді жұмыс істеуі көбінесе олардың дұрыс орналастырылуына байланысты. Қалалық ортада базалық станцияларды ғимараттардың төбесіне немесе арнайы мұнараларға орналастыру арқылы көлеңкеленуді азайтуға болады. Сонымен қатар, антенна биіктігін дұрыс таңдау көпсәулелі таралу әсерін оңтайландырып, сигналдың негізгі бағытта таралуын қамтамасыз етеді [16].

Әдетте, макрожасушалық станциялар 20–40 метр биіктікте, ал микрожасушалар 5–15 метр биіктікте орнатылады.

1.4.2 Көпдеңгейлі желі архитектураларын қолдану

Байланыс желісінің өнімділігін арттыру үшін макрожасушалық, микрожасушалық, пикожасушалық және фемтожасушалық желілерді біріктіретін гетерогенді желі (HetNet) концепциясы қолданылады. Бұл тәсіл әртүрлі қамту аймақтарында жүктемені тең бөліп, жоғары жылдамдықтағы деректерді жеткізу мүмкіндігін қамтамасыз етеді [17].

Мысалы, ірі сауда орталықтарында және метро станцияларында микрожасушалар немесе пикожасушалар орнатылады.

1.4.3 Смарт-антенналар мен Beamforming технологиясы

Смарт-антенналар (ақылды антенналар) және Beamforming технологиясы антеннаның сәулелену диаграммасын нақты пайдаланушының бағытына қарай динамикалық өзгертуге мүмкіндік береді. Бұл интерференция деңгейін төмендетіп, сигнал/шудың (SNR) қатынасын жақсартады [18].

Beamforming 5G және болашақ 6G жүйелерінде байланыс сапасын арттырудың негізгі әдістерінің біріне айналып отыр.

1.4.4 MIMO технологиясын пайдалану

MIMO технологиясы арқылы бірнеше антенна элементтерін бір уақытта пайдалану сигналдың сенімділігін арттырып, деректер ағынын көбейтеді. Бұл технология көпсәулелі таралу құбылысын тиімді қолдануға мүмкіндік береді, өйткені әр түрлі жолдармен келген сигналдар бір уақытта қабылданып өңделеді [19].

4×4, 8×8 MIMO конфигурациялары қазіргі заманғы байланыс жүйелерінде кеңінен қолданылуда.

1.4.5 Радиожиілікті басқару және ресурстарды динамикалық бөлу

Қалалық ортада жиілік ресурстарын тиімді пайдалану үшін динамикалық спектрді басқару әдістері енгізілуде. Бұл әдістер желі жүктемесіне және кедергі

деңгейіне байланысты жиіліктерді икемді түрде қайта бөлуге мүмкіндік береді. [20].

Динамикалық басқару арқылы байланыс желісінің жалпы өткізу қабілеті және пайдаланушы тәжірибесі айтарлықтай жақсарады.

2 Қалалық ортада антенналардың өнімділігін зерттеу әдістері

2.1 Қалалық ортада радиотолқындардың таралу модельдері және антенна тиімділігі

Теориялық талдау барысында радиотолқындардың қалалық ортада таралу ерекшеліктері қарастырылды. Негізгі назар шағылу, сыну, көлеңкелену және жұтылу сияқты құбылыстардың антенналар жұмысына әсеріне аударылды.

Әртүрлі радиотолқын таралу модельдері (Okumura-Hata, COST-231, 3GPP 3D UMa) негізінде қалалық ортадағы сигнал жоғалуы мен интерференция деңгейлері есептелді. Бұл кезеңде негізгі формулалар мен эмпирикалық коэффициенттер пайдаланылды.

Теориялық талдау кезеңінде қалалық орта жағдайында радиотолқындардың таралу процестері қарастырылды. Радиосигналдың сапасына әсер ететін негізгі физикалық құбылыстар: шағылу, сыну, көлеңкелену және көпсәулелі таралу (multipath) егжей-тегжейлі талданды.

Таралу ерекшеліктерін сипаттау үшін Okumura-Hata және COST-231 эмпирикалық модельдері негізге алынды. Бұл модельдер қалалық ортадағы ғимараттар мен инфрақұрылым объектілерінің радиотолқын жолына тигізетін әсерін ескеруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, 5G желілеріне арналған 3GPP 3D Urban Macro (UMa) моделі биіктігі әртүрлі пайдаланушылар үшін сигналдың тік және көлденең бағытта таралу ерекшеліктерін бағалау үшін қолданылды.

Зерттеу аясында 2.4 ГГц–6 ГГц жиілік диапазоны таңдалды. Бұл диапазон қазіргі заманғы Wi-Fi 6, LTE және алғашқы 5G NR жүйелерінде кеңінен қолданылады. Жұмыс қашықтығы 1–5 км аралығында жоспарланып, сигнал өткізгіштігі 1 Гбит/с дейін жететін байланыс арналары талданды.

Қолданылған антенна түрі.

Теориялық талдау және тәжірибелік өлшеулерде екі түрлі антенна қолданылды:

– Бағытталған антенна (Directional Antenna) – тар сәулелену диаграммасымен сипатталады, сигналды нақты бір бағытта шоғырландырады. Бұл антенна түрі қала жағдайында сигналдың жоғалуын азайту және мақсатты аймаққа максималды энергия жеткізу үшін қолданылды.

– Бағытталмаған антенна (Omnidirectional Antenna) — барлық бағытта бірдей сигнал таратады. Бұл антенна пайдаланушы тығыздығы жоғары аудандарда кең қамту аймағын қамтамасыз ету мақсатында пайдаланылды.

Бағытталған антенна сипаттамалары:

- Жұмыс жиілігі: 2.4–6 ГГц;
- Қолданылатын поляризация: тік және көлденең;
- Күшейту коэффициенті: 12–18 dBi аралығында;
- Сәулелену бұрышы: 20°–90° арасында.
- Бағытталмаған антенна сипаттамалары:
- Жұмыс жиілігі: 2.4–6 ГГц;
- Қолданылатын поляризация: тік;

- Күшейту коэффициенті: 5–8 dBi;
- Сәулелену диаграммасы: 360°.

Теориялық талдау нәтижесінде бағытталған антеннаның негізгі артықшылығы – интерференцияның төмендеуі және сигнал сапасының тұрақты болуы екені анықталды. Ал бағытталмаған антенналар үлкен аумақты қамтуға мүмкіндік берсе де, интерференция ықтималдығы жоғары болатыны белгілі болды.

Осылайша, қалалық ортаның ерекшеліктеріне қарай әртүрлі антенна типтерінің тиімділігі мен қолдану шарттары теориялық тұрғыда толық зерттелді.

2.2 Антенналар өнімділігін модельдеу және бағдарламалық құралдарды қолдану

Антенналардың өнімділігін модельдеу үшін арнайы бағдарламалық қамтамасыз ету құралдары қолданылды. Модельдеу кезінде:

- Антеннаның сәулелену диаграммасы;
- Сигналдың таралу бағыты мен интенсивтілігі;
- Қалалық ортаның құрылымдық ерекшеліктері (ғимараттардың биіктігі, материалдық қасиеттері, тығыздығы) ескерілді.

Модельдеу нәтижесінде антенналардың әртүрлі орналастыру нұсқалары бойынша қамту аймағының өзгерістері мен сигнал әлсіреу карталары алынды. Бұл әдіс практикалық сынақтар алдында оңтайлы параметрлерді алдын ала бағалауға мүмкіндік берді.

Антенналардың өнімділігін бағалау үшін математикалық модельдеу әдісі қолданылды. Бұл кезеңде радиотолқындардың қалалық ортада таралу ерекшеліктерін сандық түрде сипаттау мақсат етілді.

Модельдеу барысында 2.4–6 ГГц диапазонында жұмыс істейтін бағытталған және бағытталмаған антенналардың сәулелену сипаттамалары есептелді. Радиотолқындардың таралу жолындағы шағылу, жұтылу және көлеңкелену әсерлерін ескере отырып, сигнал деңгейінің (RSSI) және деректер өткізу қабілетінің (Throughput) қашықтыққа байланысты өзгерістері модельденді.

Антенна сәулелену диаграммаларын модельдеу үшін CST Studio Suite және MATLAB Antenna Toolbox бағдарламалары пайдаланылды. Бағытталған антеннаның тар сәулелену аймағы (20°–90°) және бағытталмаған антеннаның 360° қамту аймағы графикалық түрде көрсетілді.

Модельдеу нәтижелері көрсеткендей:

- Бағытталған антенналар қолданылған жағдайда, қашықтық ұлғайған сайын сигнал деңгейінің төмендеу қарқыны баяулайды және жалпы байланыс сапасы жоғарылайды.
- Бағытталмаған антенналарда үлкен аумақ қамтылады, бірақ сигнал деңгейінің өзгеруі күрт жүреді және интерференция ықтималдығы артады.

– Математикалық модельдеу нәтижелері тәжірибелік өлшеулермен салыстырылып, алынған деректердің дұрыстығы тексерілді. Бұл тәсіл зерттеудің сенімділігін арттырды және алынған нәтижелерге ғылыми негіз берді.

Антенна өнімділігін модельдеуге арналған танымал бағдарламалар:

1. CST Studio Suite (Computer Simulation Technology) – антенналар, микротолқынды құрылғылар және электромагниттік өрістерді үшөлшемді (3D) модельдеу үшін әлемге танымал бағдарлама.

2. HFSS (High Frequency Structure Simulator). Ansys компаниясының өнімі. Антенна сәулелену диаграммаларын, резонанстық жиіліктерді және электромагниттік өріс таралуын есептеуге мүмкіндік береді.

3. FEKO. Әсіресе антенналар мен радиотолқындардың шағылуы, сынуы және таралуын зерттеуге бағытталған бағдарламалық пакет.

4. MATLAB Antenna Toolbox. MATLAB ішінде жұмыс істейтін құрал, антенна геометриясын жобалау және сәулелену сипаттамаларын модельдеу үшін қолданылады.

5. Altair Feko. Нақты қалалық ортада радиотолқын таралуын модельдеу үшін, әсіресе Smart City жобаларында қолданылады.

6. OptiSystem (ерекше түрде талшықты байланыс үшін). Бірақ кейде күрделі байланыс жүйелерін антенналық модельдеумен бірге жалпы жүйе деңгейінде қарастырғанда пайдаланылады.

Кесте 2.1 – Антенналардың ерекшеліктері

Бағдарлама атауы	Қолдану бағыты	Ерекшелігі
CST Studio Suite	3D антенна модельдеу, электромагниттік өрістер	Өте жоғары дәлдік
HFSS	Антенна сәулелену, жоғары жиілікті құрылғылар	Инженерлік және ғылыми модельдер
FEKO	Шағылу/сыну/таралу анализі	Радиобайланыс жүйелері үшін
MATLAB Antenna Toolbox	Антенна дизайны және параметрлік зерттеу	Қарапайым интерфейс

CST Studio Suite бағдарламасының интерфейсі.

CST Studio Suite – антенна құрылымдарын, электромагниттік өрістерді және радиотолқындардың таралуын модельдеуге арналған қуатты құрал.

Мысалы, төмендегі суретте CST Studio Suite бағдарламасында антенна массивінің сәулелену диаграммасы көрсетілген;

Бұл интерфейс антенна сәулелену сипаттамаларын, S-параметрлерін және басқа да электромагниттік параметрлерді талдауға мүмкіндік береді.

Ansys HFSS бағдарламасының интерфейсі. Ansys HFSS – жоғары жиілікті құрылғылар мен антенналарды модельдеуге арналған жетекші бағдарламалардың бірі.

Төмендегі суретте HFSS бағдарламасында антенна моделінің 3D көрінісі және оның сәулелену сипаттамалары көрсетілген;

HFSS бағдарламасы антенна геометриясын құру, материалдық қасиеттерді тағайындау, шекаралық шарттарды орнату және электромагниттік өрістерді талдау сияқты функцияларды қамтиды.

2.3 Антенналардың өнімділігін эксперименттік зерттеу және сигнал сапасын талдау

Эксперименттік зерттеулер нақты қалалық ортада жүргізілді. Өлшеу жұмыстары барысында:

- Антенна биіктігінің, қуат деңгейінің және орналасу бағытының әсері;
- Радиосигналдың қабылдау деңгейі (Received Signal Strength Indicator – RSSI);
- Сигнал/шу қатынасы (SNR);
- Байланыс арналарының өткізу қабілеті сияқты негізгі параметрлер тіркелді.

Өлшеу құрылғылары ретінде кәсіби радиожилік анализаторлары мен мобильді тестілеу жүйелері пайдаланылды. Деректер бірнеше географиялық аймақтарда (ашық кеңістік, тығыз салынған көшелер, биік ғимараттар маңы) жиналды.

Эксперименттік зерттеу барысында антенналардың өнімділігін бағалау үшін нақты қалалық орта жағдайында өлшеулер жүргізілді. Өлшеулердің мақсаты – әртүрлі қашықтықтарда, бағытталған және бағытталмаған антенналар қолданылған кезде сигнал сапасының және деректер өткізу қабілетінің өзгеруін анықтау.

Өлшеу шарттары.

Өлшеулер келесі бастапқы параметрлер негізінде ұйымдастырылды:

Жұмыс жиілігі: 2.4 ГГц – 6 ГГц аралығы;

Сигналдың өткізу қабілеті: 1 Гбит/с дейін;

Кедергі деңгейі: ≤ -100 дБм;

Антенна түрлері: бағытталған және бағытталмаған;

Жұмыс қашықтығы: 1 км – 5 км аралығы;

Поляризация: тік және көлденең.

Антенналар қаланың орталық көшелерінде және шеткері аудандарында орнатылды. Бағытталған антенна белгілі бір нүктеге тура бағытталып орнатылса, бағытталмаған антенна барлық бағытқа бірдей сигнал тарататын етіп орналастырылды.

Қолданылған құралдар:

- Өлшеу жұмыстарында келесі құрал-жабдықтар қолданылды:
- Радиожилік спектр анализаторы;
- Сигнал генераторы;

– Антенна параметрлерін бақылауға арналған бағдарламалық құралдар (CST Studio Suite және MATLAB негізіндегі мобильді тестілеу қосымшалары);

– Деректерді тіркеу үшін мобильді қабылдағыштар.

Сигнал генераторы арқылы берілген радиосигнал бағытталған немесе бағытталмаған антенна арқылы сәулеленеді. Радиотолқындар қалалық ортада таралып, түрлі кедергілерге (ғимараттар, көлік қозғалысы, ауа райы факторлары) ұшырайды. Қабылдаушы құрылғы арқылы алынған сигнал деңгейі тіркеледі және спектр анализаторы көмегімен сигнал сипаттамалары (күші, жиілігі, кедергілер деңгейі) анықталады.

Барлық өлшеу нәтижелері CST Studio Suite және MATLAB негізіндегі бағдарламалық құралдар арқылы өңделіп, талданады. Бұл әдіс зерттеу нәтижелерінің нақтылығын және алынған деректердің сенімділігін қамтамасыз етеді.

Барлық өлшемдер әртүрлі ауа райы жағдайларында (ашық күн, бұлтты ауа райы) және әртүрлі уақыт мезгілдерінде (таңертеңгі, түскі, кешкі уақыттарда) бірнеше рет қайталанды, нәтижелердің тұрақтылығы тексерілді.

Өлшенген негізгі параметрлер.

Өлшеу жұмыстары кезінде келесі параметрлер тіркелді:

– RSSI (Received Signal Strength Indicator): қабылданған сигналдың деңгейі;

– SNR (Signal to Noise Ratio): сигнал мен шумдың арақатынасы;

– Throughput: деректерді беру жылдамдығы;

– BER (Bit Error Rate): биттерді беру кезінде пайда болатын қателер деңгейі.

Өлшеу әдістемесі.

Өлшеу әрбір қашықтықта (1 км, 2 км, 3 км, 4 км, 5 км) арнайы нүктелерде жүргізілді. Әр нүктеде бағытталған және бағытталмаған антенналар кезектесіп қолданылды. Әр өлшеу кезінде орташа және максималды сигнал деңгейлері, деректер беру жылдамдығы және кедергі деңгейі жазылып отырды.

